


A decorative frame with gold-colored swirls and autumn leaves in shades of orange, red, and yellow. The frame is centered on a white background. The text is written in a red, italicized serif font.

*Мен жане
алем*



Сабақтың мақсаты:

студенттерге әлемнің өте күрделілігін, өмір сүру жауапкершілігін түсінуге көмектесу, өмірдің мәні туралы ойлануға жетектеу, табиғатты, тіршілікті, қоршаған ортаны қадірлеуге үйрету



**1. Әлемге
қатынас арқылы
өзін-өзі тану**

Адам біртіндеп сыныптан-сыныпқа өткендей, өзінің ортасынан бастап, бүкіл Әлемнің ақыл-есі ортақтастыратын бауырларының бір мүшесі болғанға дейін өзінің адамзатқа деген қатынасын сезінеді. Барлық осындай сезінулердің негізінде ішкі сезім жатыр. Әлеуметтенгенділіктің сезімі өзін қоректендіретін әсерлердің негізгі бөлігін әлеуметтік әлемнен алады. Ал оның өзі сыртқы емес, басқа ішкі ақиқатта тіршілік етеді. Сондықтан зейінімізді адамзаттың өміріне бағыттай отырып, қайта қайта адамның сезімдері онсыз жүзеге аспайтын ішкі, рухани әлемге қайта оралуымызға тура келеді. Қазіргі әлемде сырттай қарағанда сыйыспайтын, бірақ диалектикалық тұрғыда бір-бірімен байланысты процестер жүріп жатыр. Бір жағынан, әлем одан сайын іштей тұтастана түсіп, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өлшемдердің көпшілікке тиімді көрінген, кейде өктемдікпен таңылған үлгілері кеңінен тарап, жаһандану қанаты кеңею түсуде. Екінші жағынан, бұрын бодандықта болып келген халықтардың мемлекеттік тәуелсіздігін қалыптастыру мүмкіндігі күшейе түсті және оны жүзеге асыруға халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдардың қызметі игі ықпал етуде.

2. Тұлғаның табиғатқа құндылықты көзқарасы

«Табиғат және адам» проблемасы әсіресе соңғы уақытта өте өзекті мәселеге айнады. Ғылыми техниканың прогресс табиғатты өзгертудің небір жойқын құралдарын әкелді. Қазіргі уақытта адамның табиғатқа көз қарасы бір жақты болып отыр. Адамның табиғатпен байланысы, үйлесімділігі бұзылды. Біздер табиғатты өзінің өмірінің бар кендігіне, оған қолымызбен қандай нұсқан келтіріп отырғанымызды көбінесе ойлай бермейміз. Осыған байланысты дәл қазір кешіктірмей өзімізде табиғатқа деген құндылықты көзқарасымызды қалыптастыруымыз керек. Табиғатпен эмоциялық байланысты қалпына келтіріп, оған сүйіспеншілікпен қарап, аялай білуге үйренуіміз керек. Өйткені адам – табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адам табиғатқа тәуелді. Сондықтан өзінің өмір сүріп, өсіп-өнетін, іс-қимыл жасайтын, аяулы армандарын жүзеге асыратын ортасы, күнкөріс көзі болып табылатын табиғатқа адамның қалай болса, солай емес, аялай, есіркей қарауы – оның перзенттік міндеті.

Жер табиғаты – бүкіл адамзаттың ортақ үйі. Оны өмір сүру үшін қолайлы жағдайда ұстау – жалпы ұлттық және жалпы азаматтық мәселе. Осы міндетті түсіну – қоғамның адамгершіліктік кемелінің көрсеткіші. Қоғамның адамгершіліктік мәдениеті мен табиғаттың жағдайы өзара тәуелді. Адамдар арасындағы адамгершілікке сыйымды қарым-қатынас – табиғатқа деген ізгі қарым-қатынастың алғы шарты. Кез келген өмір ерекше, қайталанбас және бағалы. Адамның барлық тіршілік селері алдындағы жауапкершілікті түсінуі, өмірді қастерлей білуі – адамгершіліктік тәбие мен мінез-құлықтың негізі.



**3.Бұқаралық
мәдениет және
әрбір адамның
даралығы**



Бұқаралық мәдениет - [лат. *massa* - кесек, *culture* - өңдеу, тәрбиелеу] - әртүрлі тарихи кезеңдерде мәдениеттің әлеуметтік жіктелуі процесі нәтижесінде азды-көпті көрініс табатын әлеуметтік мәдени құбылыстардың жиынтығы

нақты белгілер мен мінездемелерге жауап беретін әлеуметтік **феномен** (жалпыламалыққа түсетін ауыртпалық, орташа семиотикалық тілдік нормаларға бағытталу, жана коммуникациялық технологияларға сүйену, қызмет етудің коммерциялық мазмұны

көркем мәдениеттің түрі (стилі) (мәні жағынан поп-мәдениетке, коммерциялық мәдениетке және өнерге жақын және т.б.), "классикалық", халықтық мәдениеттен алшақ және әнердің өмірдің аса маңызды салмақты саласынан ойын-сауық саласына ойысып, "сән сезімін" жоғалту және т.б.; ықпалдасу процестерінің күшеюі нәтижесінде стандартталған мәдени формалардың, ережелер мен бейнелердің кең таралуына жағдай жасайтын, трансұлттық мәдениеттің қалыптасуына себепкер болатын қазіргі мәдениеттің ерекше қабаты;

қарабайыр, күңгірт сананы қалыптастырушы алдап-арбаушы, бірыңғайландырушы тетіктерді қамтамасыз етуші акпараттық қоғамның мәдениетінің тілі, ерекше белгілер жүйесі

XX-XXI ғасырларда бұқаралық мәдениеттің кең етек жаюының басты себебі ақпараттандыру мен компьютерлендіруге байланысты. Мәдени өнімдерді тарату, көбейту, өңдеудің жаңа жағдайларында (баспа-көбейту техникаларының жаңаруы, радионың пайда болуы, кинематографияның дамуы, телехабарлардың таралуы, үн және бейне жазушы техникалық құралдардың жетілдірілуі) ақпараттық-желілік жүйелердің даму қарқындылығы және өзара іс-әрекет принциптері ғылыми-техникалық қайта құрулардың түбегейлі өзгеруімен, технология саласында күшті дамумен сипатталады (компьютерлік желілердің құрылуы, спутниктік таралым, онлайндық тораптардың және Интернеттің пайда болуы). Постиндустриалды қоғам мәдениеті бұқаралық және ақпараттық сипат алады. Жаһандану жағдайында этникалық мәдениеттің қатаң шекаралары шайылып, оның өзіндік этномәдени ерекшелігін сақтап тұратын "жабықтығы" жойылады. Этникалық мәдениетті дінгек тұтатын ұлттық мәдениет - ол тек ресми, мемлекеттік мәдениет қана емес, әртүрлі субмәдениеттердің (оның ішінде бұқаралық мәдениет те кіреді) өзара ықпалдасуы нәтижесінде пайда болған ұлттық мәдениет жиынтығы



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

